

"Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 мамырдағы N 420 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясын ратификациялау туралы

2003 жылғы 21 мамырда Женевада жасалған Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясы ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясы

Кіріспе

О с ы К о н в е н ц и я т а р а п т а р ы ,

адамдар денсаулығын қорғауға деген өз құқығына баса көңіл бөлуге барынша бел байлап ,

темекі эпидемиясын тарату адам денсаулығы үшін айтарлықтай салдары бар және мүмкіндігінше барынша кең халықаралық ынтымақтастық пен барлық елдердің тиімді, тиісті және жан-жақты халықаралық жауапты іс-қимылдарға қатысуын талап ететін ғаламдық проблема екендігін мойындай отырып,

адамдар денсаулығы үшін зиянды салдарына, темекі пайдаланумен және темекі түтінінің әсерімен байланысты бүкіл әлемдегі әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарына байланысты халықаралық қоғамдастықтардың алаңдаушылығын көрсете отырып ,

бүкіл әлем бойынша, әсіресе дамушы елдерде сигарет пен басқа да темекі өнімдерін

пайдалану және өндіруге байланысты, сондай-ақ мұның отбасыларына, кедей адамдар мен ұлттық денсаулық сақтау жүйелеріне түсіретін ауыртпалығына қатысты айтарлықтай алаңдай отырып,

темекі пайдалану мен темекі түтінінің әсері өлімнің, ауру мен мүгедектіктің себебі болып табылатындығын және темекі шегудің әсері мен темекі өнімдерін пайдаланудың басқа да түрлері мен темекіге байланысты ауруларға шалдығудың арасында белгілі бір уақыт алшақтығы болатынын ғылыми деректер анық дәлелдеп бергенін мойындай отырып,

сонымен қатар сигареттер мен құрамында темекі бар басқа да өнімдер тәуелділік туғызатындай және қолдайтындай етіп жасалған жоғары технологиялық өнімдер болып табылатындығын және олардағы көптеген құрамдас бөліктер мен олардан бөлінетін түтін фармакологиялық белсенді, уытты, мутагенді және канцерогенді болып табылатындығын, сондай-ақ темекіге тәуелділік аурулардың негізгі халықаралық жіктелімдерінде жеке бұзылу ретінде жіктелетіндігін мойындай отырып, қазіргі кезде темекі түтінінің зиянды әсері балалар денсаулығы мен дамуына қолайсыз жағдай туғызатыны туралы нақты ғылыми деректер бар екенін мойындай отырып,

бүкіл әлемде балалар мен жасөспірімдердің темекі шегуі мен темекінің басқа да түрлерін пайдалануының таралуына байланысты, әсіресе барған сайын тым ерте жаста темекі шегуге байланысты қатты алаңдатушылық таныта отырып,

бүкіл әлемде әйелдер мен қыздардың темекі шегуі мен темекінің басқа да түрлерін пайдалануының мөлшері артуына байланысты алаңдатушылық таныта және әйелдердің саясатты әзірлеу мен жүзеге асырудың барлық деңгейіне толық қатысуы қажеттілігін, сондай-ақ гендерлік аспектілерді ескеретін темекі қарсы стратегияларының қажеттілігін назарға ала отырып,

байырғы халықтардың темекі шегуі мен басқа да түрлерін пайдалануының жоғары деңгейіне байланысты қатты алаңдатушылық таныта отырып,

темекі өнімдерін пайдалануды көтермелеу мақсатында сату мен демеушілікті ынталандыра отырып, жарнамалардың барлық нысандарының ықпалы тұрғысынан айтарлықтай алаңдатушылық білдіре отырып,

контрабанданы, заңсыз өндіру және жасанды көшірмелерді қоса алғанда, сигареттер мен басқа да темекі өнімдерін заңсыз сатудың барлық нысандарын жою үшін бірлескен іс-қимылдың қажеттігін мойындай отырып,

барлық деңгейдегі, әсіресе дамушы елдер мен өтпелі экономикалы елдерде темекіге қарсы жеткілікті қаржылық және темекіге қарсы күрес жөніндегі қызмет үшін қазіргі кездегі және болжамдалған қажеттіліктерімен шамалас техникалық ресурстарды талап ететіндігін түсіне отырып,

темекіге деген сұранымды қысқартудың табысты стратегияларының ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық салдарларын қарау үшін тиісті тетіктер әзірлеудің

қажеттілігін

мойындай

отырып,

кейбір дамушы елдердегі және өтпелі экономикалы елдердегі темекіге қарсы күрес бағдарламасының орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективасында әлеуметтік және экономикалық қиындықтар туғызуы мүмкін екендігіне көңіл бөле отырып және қалыпты даму стратегияларының ұлттық деңгей аясында әзірленген техникалық және қаржы көмегіне олардың зәрулігін мойындай отырып,

темекіге қарсы күрес саласында көптеген мемлекеттердің жүргізген табысты жұмыстарын және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жетекшілігін, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да ұйымдары мен органдарының және темекіге қарсы күрес саласында шаралар әзірлеу жөніндегі басқа да халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдардың күш-жігерін мақұлдай, мойындай отырып,

кәсіби денсаулық органдарының, әйелдер топтарын, жастар топтарын, табиғат қорғау топтары мен тұтынушылар топтарын, академиялық мекемелер мен денсаулық сақтау мекемелерін қоса алғанда, темекі өнеркәсібіне байланысы жоқ үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да азаматтық қоғам мүшелерінің ұлттық және халықаралық деңгейлердегі темекіге қарсы күрес бойынша күш салуға айрықша үлестерін, сондай-ақ олардың темекіге қарсы күрес бойынша ұлттық және халықаралық күш-жігер жұмсауға қатысуларының өмірлік маңызын айрықша атай отырып,

темекі өнеркәсібінің темекіге қарсы күрес бойынша жұмсалған күш-жігерді бұзуға немесе жоққа шығаруға кез-келген ұмтылыстарына қатысты қырағылық танытудың қажеттілігін және темекіге қарсы күрес бойынша күш-жігерге теріс ықпал ететін темекі өнеркәсібінің қызметі туралы хабардар етудің қажеттілігін мойындай отырып,

әрбір адамның тән және жан саулығының ең жоғары қолжетімді деңгейіне құқығы бар екендігі туралы айтылатын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 12-бабын еске сала отырып,

сонымен қатар нәсіліне, дініне, саяси сеніміне, экономикалық немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық адамның денсаулықтың ең жоғары қолжетімді деңгейіне ие болуы негізгі құқықтарының бірі болып табылатындығы туралы айтылатын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Жарғысының кіріспесін еске сала отырып,

қазіргі бар және ғылыми-техникалық әрі экономикалық көзқарастарға негізделген темекіге қарсы күрес шараларына табанды шешіммен жәрдемдесуге,

әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1979 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған Конвенцияда қатысушы мемлекеттердің медициналық-санитарлық жәрдем саласында әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою үшін тиісті шаралар қолданатыны көзделгенін еске сала отырып,

сонымен қатар, құқықтары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған Конвенцияда осы Конвенцияға қатысушы

мемлекеттердің баланың денсаулықтың ең жоғары қолжетімді деңгейіне ие болу құқығын мойындайтынын еске сала отырып, мыналар туралы келісті:

1 Бөлім: Кіріспе

1 - б а п

Терминдерді пайдалану

Осы Конвенцияның мақсаты үшін:

(а) "Заңсыз сауда" заңмен тыйым салынған, осындай қызметке жәрдемдесу мақсаты бар практиканың немесе мінез-құлықтың кез-келген түрін қоса алғанда, өндіруге, жіберуге, алуға, иеленуге, бөлуге, сатуға немесе сатып алуға қатысы бар практиканың немесе мінез-құлықтың кез келген түрін білдіреді.

(б) "Экономикалық ықпалдастықтың өңірлік ұйымы" бірнеше егемен мемлекеттерден тұратын және оның мүше мемлекеттері бірқатар мәселелер бойынша, осы мәселелер бойынша мүше мемлекеттеріне міндеттер жүктейтін шешімдер қабылдау құқығын қоса алғанда, өзінің өкілеттіктерін берген кез-келген ұйымды білдіреді.

(с) "Жарнама және темекі сатуды ынталандыру" темекі өнімдерін сатуды немесе темекі пайдалануды ынталандырудың тура немесе жанама мақсатымен, нәтижесімен немесе ықтимал нәтижесімен коммерциялық ақпараттар, ұсынымдар берудің кез-келген түрін немесе әрекетті білдіреді.

(d) "Темекіге қарсы күрес" халықтың темекі өнімдерін пайдалануын жою немесе азайту, сондай-ақ оған темекі түтінінің әсерін азайту арқылы оның денсаулығын жақсартуға бағытталған жеткізілім, сұраным және зиянды азайту саласындағы стратегиялардың кең шеңберін білдіреді.

(е) "Темекі өнеркәсібі" темекі өнімдерін дайындаумен, көтерме бөлумен және импортпен айналысатындардың бүкілін білдіреді.

(f) "Темекі өнімдері" шегу, сору, шайнау немесе иіскеу үшін пайдаланатындай етіп дайындалған шикізат материалы ретінде темекі жапырағынан толық немесе ішінара дайындалған өнімдерді білдіреді.

(g) "Темекіге демеушілік" темекі өнімдерін сатуды немесе темекі пайдалануды тура немесе жанама ынталандыру мақсатымен, нәтижесімен немесе ықтимал нәтижесімен кез-келген оқиғаға, іс-шараларға немесе жеке адамға кез-келген салым түрін білдіреді.

2 - б а п

Осы Конвенция мен басқа да шарттар мен заңды құжаттардың арасындағы байланыс

1. Адамдардың денсаулығын үздік сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар осы Конвенция мен оның хаттамаларында талап етілгендерден тысқары шараларды жүзеге асыруға бір-бірін көтермелейді, оның үстіне Тараптарға осы құжаттардағы ештеңе де, олардың ережелері келісілгендіктен әрі халықаралық құқық нормаларына

сәйкес келетіндіктен неғұрлым қатаң талаптар қолдануға кедергі келтірмейді.

2. Осы Конвенция мен оның хаттамаларының ережелері Конвенция мен оның хаттамаларына қатысты немесе осы Конвенция мен оның хаттамалары бойынша осындай келісімдер олардың міндеттемелерімен сыйымды болып табылған жағдайда оларға қатысты қосымша болып табылатын мәселелер бойынша өңірлік немесе қосалқы өңірлік келісімдерді қоса алғанда, Тараптардың екі жақты немесе көп жақты келісімдер жасасу құқығына ешқандай әсерін тигізбейді. Тараптар мұндай келісімдер туралы Хатшылық арқылы Тараптар Конференцияларын хабардар етеді.

І І Б ө л і м :

Мақсаты, басшылық қағидаттары мен жалпы міндеттер

3 - б а п

Мақсаты

Осы Конвенция мен оның хаттамаларының мақсаты қазіргі және болашақ ұрпақтарды адам денсаулығы үшін күйретуші салдарлардан, сондай-ақ темекі пайдаланудың кең таралымдығы мен темекі түтінінің әсерін тұрақты әрі айтарлықтай қысқарту үшін Тараптардың ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде жүзеге асыруына жататын темекіге қарсы күрес шаралары үшін тиісті шеңберлер қамтамасыз ету арқылы темекі пайдаланудың таралуы мен темекі түтіні әсерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салдарынан қорғаудан тұрады.

4 - б а п

Басшылық қағидаттары

Осы Конвенция мен оның хаттамаларының мақсатына қол жеткізу және оның ережелерін жүзеге асыру үшін Тараптар төменде жазылған қағидаттарды басшылыққа а л а д ы , а т а п а й т қ а н д а :

1. Темекі пайдалану және темекі түтіні әсерінің денсаулыққа есірткі сипатындағы салдары мен өлім қаупі туралы әрбір адам хабардар болуға тиіс және осыған байланысты адамдарды темекі түтінінің әсерінен қорғау үшін тиісті үкіметтік деңгейде тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік немесе өзге де шаралар қараған жөн.

2. Мыналарды ескере отырып, ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде жан-жақты сектораралық шаралар мен үйлестірілген жауап іс-қимылдарын әзірлеу және қолдау ісін табанды саяси ұстану қажет:

(а) бүкіл адамды темекі түтіні әсерінен қорғау үшін шаралар қолданудың қ а ж е т т і л і г і ;

(б) темекі өнімдерін пайдалануды қысқарту мен азайтуға кез келген нысанда жәрдемдесу мен қолданудың басталуын болдырмау үшін шаралар қолданудың қ а ж е т т і л і г і ;

(с) тұрғылықты адамдар мен қауымдардың әлеуметтік әрі мәдени тұрғыдан олардың қажеттілігі мен перспективаларына сәйкес келетін темекіге қарсы күрес бағдарламалар әзірлеуге, жүзеге асыру мен бағалауға қатысуына жәрдемдесу жөнінде шаралар

қолданудың қажеттілігі; және

(d) темекіге қарсы күрес стратегияларын әзірлеу кезінде әртүрлі жыныстағылар үшін тән қауіптердің есебі бойынша шаралар қолданудың қажеттілігі.

3. Жергілікті мәдени жағдайларды, сондай-ақ экономикалық, саяси және заң факторларын ескере отырып, темекіге қарсы күрестің тиімді бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру үшін халықаралық ынтымақтастық, әсіресе технологиялар, білім беру және қаржы көмегін көрсету, сондай-ақ тиісті сараптамалық қызметтер ұсыну осы Концепцияның маңызды бөлігі болып табылады.

4. Ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде қолданылатын барлық темекі өнімдерін пайдалануды қысқарту жөніндегі жан-жақты көп секторлы шаралар мен жауап іс-шаралар қоғамдық денсаулық сақтау қағидаттарына сәйкес темекі пайдалану мен темекі түтінінің әсерінен болған аурушаңдықтың, ерте мүгедектік пен қайтыс болудың алдын алу үшін қажет.

5. Өзінің юрисдикция шегінде жауапкершілікке байланысты мәселелер әрбір Тараппен қалай айқындалатындығы темекіге қарсы жан-жақты күрестің маңызды бөлігі болып табылады.

6. Дамушы елдер болып табылатын Тараптардағы, сондай-ақ өтпелі экономикалы Тараптардағы темекіге қарсы бағдарламасын жүзеге асыру күнкөріс қаражатына айтарлықтай ықпал ететіндіктен темекі өсіретін адамдар мен темекі өнеркәсібі қызметкерлерінің экономикалық өтуіне жәрдемдесу үшін ұлттық деңгейде әзірленетін тұрақты даму стратегиясының аясында техникалық және қаржы көмегінің мәнін мойындаған және есепке алған жоқ.

7. Конвенция мен оның хаттамаларының мақсатына қол жеткізу үшін азаматтық қоғамның қатысуы қажет.

5 - б а п

Жалпы міндеттер

1. Өздері Тараптары болып табылатын осы Конвенция мен оның хаттамаларына сәйкес әрбір Тарап темекіге қарсы күрес жөніндегі жан-жақты көп секторлы ұлттық стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламалар әзірлейді, жүзеге асырады, дүркін-дүркін жаңартады және қайта қарайды.

2. Осы мақсатқа жету үшін әрбір Тарап өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес:

(a) темекіге қарсы күрес жөніндегі ұлттық үйлестіру тетігін немесе үйлестіру органдарын құрады немесе нығайтады және қаржыландырады; және

(b) тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік және немесе өзге де шаралар қолданады әрі жүзеге асырады және тиісті жағдайларда темекі пайдаланудың, никотиндік тәуелділік пен темекі түтінінің әсерінің алдын алу және қысқарту үшін тиісті саясатты әзірлеуге басқа Тараптармен ынтымақтасады.

3. Темекіге қарсы күрес жөніндегі қоғамдық денсаулық сақтауда өзінің саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру Тараптар ұлттық заңына сәйкес темекі өнеркәсібінің

коммерциялық және корпорациялық мүдделері ықпалынан өзін қорғайтындай етіп
і с - қ и м ы л ж а с а й д ы .

4. Өздері Тараптары болып табылатын осы Конвенция мен хаттамалардың жүзеге асырудың ұсынылған шараларын, рәсімдері мен басшылық қағидаттарын әзірлеуде
Т а р а п т а р ы н т ы м а қ т а с а д ы .

5. Тараптар тиісті жағдайларда өздері Тараптары болып табылатын осы Конвенция мен хаттамалардың мақсаттарына қол жеткізу үшін құзіретті халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдармен және басқа да органдармен ынтымақтасады.

6. Тараптар өздерінің иелігіндегі қаражаттар мен ресурстар шегіндегі қаржыландырудың екі жақты және көп жақты тетіктерінің көмегімен осы Конвенцияны тиімді жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарын жұмылдыру мақсатында ынтымақтасады.

І І І Б ө л і м :

Темекіге сұранымды қысқартуға қатысты шаралар

6 - б а п

Темекіге сұранымды қысқарту жөніндегі баға және салық шаралары

1. Тараптар баға және салық шаралары халықтың әртүрлі топтарының, әсіресе жастардың темекі пайдалануын қысқартудың тиімді және маңызды құралы екендігін
м о й ы н д а й д ы .

3. Тараптардың егемен құқықтары үшін өзінің салық салу саясатын зиянсыз айқындауда және белгілеуде әрбір Тарап темекіге қарсы күреске қатысты денсаулық сақтау саласындағы өзінің ұлттық мақсаттарын ескеруге тиіс және тиісті жағдайларда мыналар қамтылуы мүмкін шаралар енгізуді немесе сақтауды ескеруге тиіс:

(а) салық саясатын және орынды болған жағдайда денсаулық сақтау саласында темекі пайдалануды қысқартуға бағытталған мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдесу үшін темекі өнімдеріне қатысты баға саясатын жүзеге асыру; және

(b) тиісті жағдайларда халықаралық сапарларды жүзеге асыратын адамдардың темекі өнімдерін салықсыз және баж салығынсыз сатуына және/немесе олардың осы өнімдерді әкелуіне тыйым салу немесе шектеу.

3. 21-бапқа сәйкес Тараптар Конференциясында Тараптар кезеңдік баяндамаларында темекі өнімдеріне салық салу ставкалары мен темекі пайдаланудағы үрдістер туралы ақпарат ұсынады.

7 - б а п

Темекіге сұранымды қысқарту жөніндегі бағадан тыс шаралар

Тараптар жан-жақты бағадан тыс шаралар темекі пайдалануды қысқартудың тиімді әрі маңызды құралы болып табылатындығын мойындайды. Әрбір Тарап 8-13-баптар бойынша өзінің міндеттерін сақтау үшін қажетті тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік және/немесе өзге де шараларды қолданады әрі жүзеге асырады және тиісті

жағдайларда оларды жүзеге асыру мақсатында басқа Тараптармен тікелей немесе күзiреттi халықаралық ұйымдар арқылы ынтымақтасады. Тараптар Конференциясы осы Баптардың ережелерiн жүзеге асыру үшiн тиiстi басшылық қағидаттар ұсынады.

8 - б а п

Темекi түтiнiнiң әсерiнен қорғау

1. Тараптар ғылыми деректер темекi түтiнiнiң әсерi өлiмнiң, аурулар мен мүгедектiктiң себебi болып табылатындығын анық дәлелдейтiнiн мойындайды.

2. Әрбiр Тарап ұлттық заңнамамен айқындалған қолданыстағы ұлттық юрисдикция саласында үй-жайлардың iшiндегi жұмыс орындарында, қоғамдық көлiк пен жабық қоғамдық орындарда және тиiстi жағдайларда басқа да қоғамдық орындарда темекi түтiнiнiң әсерiнен қорғауды қамтамасыз ететiн тиiмдi заңнамалық, атқарушылық, әкiмшiлiк және/немесе өзге де шаралар қолданады әрi жүзеге асырады және юрисдикцияның басқа деңгейлерiнде де қолданылуына әрi жүзеге асырылуына белсендi ықпал етедi.

9 - б а п

Темекi өнiмдерiнiң құрамын реттеу

Тараптар Конференциясы күзiреттi халықаралық органдармен консультацияға темекi өнiмдерiнiң құрамы мен олар бөлiп шығаратын өнiмдердi сынау мен өлшеудiң басшылық қағидаттарын, сондай-ақ осы құрам мен бөлiп шығарылған өнiмдердi реттеудi ұсынады. Әрбiр Тарап күзiреттi ұлттық органдар мақұлдаған жағдайларда осындай сынау мен өлшеу жөнiнде, сондай-ақ осындай реттеу жөнiнде тиiмдi заңнамалық, атқарушылық, әкiмшiлiк және өзге де шаралар қолданады әрi жүзеге асырады.

1 0 - б а п

Темекi өнiмдерiнiң құрамын апуды реттеу

Әрбiр Тарап үкiметтiк органдарға темекi өнiмдерiн дайындаушылар мен импортерлерден темекi өнiмдерiнiң құрамы мен олар бөлiп шығаратын өнiмдер туралы ақпаратты ашып көрсетуiн талап ететiн өзiнiң ұлттық заңына сәйкес заңнамалық, атқарушылық, әкiмшiлiк және өзге де шаралар қолданады әрi жүзеге асырады. Одан басқа, әрбiр Тарап темекi өнiмдерi мен өнiмдерiнен бөлiнiп шығатын уыттық құрам туралы көпшiлiктi хабардар ету жөнiнде тиiмдi шаралар қолданады әрi жүзеге асырады.

1 1 - б а п

Темекi өнiмдерiн бумалау және таңбалау

1. Әрбiр Тарап осы Конвенция күшiне енген сәттен бастап үш жыл кезеңi iшiнде өзiнiң ұлттық заңына сәйкес осы Тарап үшiн:

(а) темекi өнiмдерiн бумалау мен таңбалау жалған, адастыратын немесе алдау болып табылатын немесе кез-келген терминдi, сипаттауды, сауда маркасын, белгiлi темекi өнiмiнiң басқа темекi өнiмдерiне қарағанда зиянының аз екендiгiн белгiлейтiн тура және жанама жалған әсер туғызатын символдық немесе кез-келген өзге белгiсiн

қоса алғанда, оның сипаттамасы, денсаулыққа әсері, қаупі немесе бөліп шығаратын өнімдері туралы теріс әсер туғызатын кез-келген жолмен темекі өнімдерін сатуға ынталандырмайтын; Олар "құрамында смолалары аз", "жеңіл", "өте жеңіл" немесе " жұмсақ" деген терминдерді енгізуі мүмкін; және

(b) темекі өнімдерінің әрбір қорабы мен бумасында және кез-келген сыртқы бумада және осы сияқты өнімдерінің таңбалауында сонымен қатар темекі пайдаланудың зиянды салдарын сипаттайтын денсаулық үшін зияны туралы ескертуден тұруы, және басқа да тиісті хабарламалар келтірілуі; Олар мынадай ескертулер мен хабарламалар:

(i) құзыретті ұлттық органдар арқылы бекітіледі,

(ii) дүркін-дүркін өзгереді,

(iii) ірі, нақты, айқын және жеңіл оқылатын болып табылады,

(iv) негізгі таңбаланған үстіңгі бет 50%-ті немесе одан аса алып жатады, бірақ ешқандай жағдайда негізгі таңбаланған үстіңгі беттің 30%-інен кем емес,

(v) суреттер немесе пиктограмма түрінде орындалуы мүмкін, немесе олардың енгізілуі үшін тиімді шаралар қолданады әрі жүзеге асырады.

2. Темекі өнімдерінің әрбір қорабы мен бумасында және кез-келген сыртқы бумада және осы сияқты өнімдерінің таңбалауында, осы Баптың 1(b)-тармағында көзделген ескертулерге қосымшада ұлттық органда айқындалған темекі өнімдері мен олар бөліп шығаратын өнімдердің сәйкес құрамдас бөліктері туралы ақпарат болуға тиіс.

3. Әрбір Тарап осы Баптың 1(b)-тармағы мен 2-тармағында көрсетілген ескертулер мен басқа да мәтіндік ақпарат темекі өнімдерінің әрбір қорабы мен бумасында және кез-келген сыртқы бумада және осы сияқты өнімдердің таңбалауында оның негізгі тілі мен негізгі тілдерде айшықтатуын талап етеді.

4. Осы Баптың мақсаттары үшін "сыртқы бума мен таңбалау" термині осы өнімнің бөлшек саудада пайдаланылатын кез-келген бума мен таңбалаудағы темекі өнімдеріне қатысты қолданылады.

1 2 - б а п

Халықты ағарту, ақпарат беру, даярлау және хабардар ету

Әрбір Тарап тиісті жағдайларда барлық қолданыстағы ақпарат беру құралдарын пайдалана отырып, темекіге қарсы күрес мәселесі бойынша халықты ақпараттандыру жүйесін қолдайды және нығайтады. Осы мақсатта әрбір Тарап:

(a) дағдылануды қоса алғанда, темекі пайдалану мен темекі түтінінің денсаулыққа әсер ету қаупі туралы халықты ақпараттандырып, ағартудың тиімді және жан-жақты бағдарламаларына кеңінен қолжетімділігіне;

(b) халықты темекі пайдалану мен темекі түтінінің әсер етуі денсаулыққа төндіретін қаупі, сондай-ақ 14.2-бапта көрсетілгендей темекіні пайдалануды тоқтатудың, темекіге тәуелсіз кездегі өмір сүру өзгешелігінің басымдықтары туралы халықты а қ п а р а т т а н д ы р у ғ а ;

(с) ұлттық заңнамаға сәйкес осы Конвенцияның мақсатына жататын темекі өнеркәсібі туралы әртүрлі ақпараттарға халықтың қолжетімділігіне;

(d) денсаулық сақтау қызметкерлеріне, қауымдастық қызметкерлеріне, әлеуметтік қызметкерлерге, бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіби қызметкерлеріне, оқытушыларға, шешім қабылдайтын адамдарға бағдарланған темекіге қарсы күрес жөніндегі тиімді және тиісінше бағдарламаларға немесе ақпараттылығы мен ағартушылық көтеру жөніндегі бағдарламаларға;

(е) мемлекеттік және жеке мекемелерді, темекі өнеркәсібімен байланысы жоқ үкіметтік емес ұйымдарды ақпараттандыруға және оларды темекіге қарсы күрес саласында сектораралық бағдарламалар мен стратегияларды әзірлеуге әрі іске асыруға қ а т ы с у ғ а ; ж ә н е

(f) халықты темекіні өндіру мен тұтынудың адам денсаулығына кері әсер ету себептері, сондай-ақ оның экономикалық және экологиялық зардаптары туралы ақпараттандыруға және осындай ақпараттарға қолжетімділігіне тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік және жәрдемдесуге бағытталған өзге де шаралар қолданады әрі жүзеге асырады.

1 3 - б а п

Темекі өнімдерін жарнамалау, сатуды ынталандыру және демеушілік

1. Тараптар жарнамалауды, сатуды ынталандыру мен демеушілікті толық тоқтату темекі өнімдерін тұтынудың қысқаруына әкеліп соғатынын мойындайды.

2. Әрбір Тарап өзінің конституциясы немесе конституциялық қағидаттарына сәйкес барлық темекі өнімдерін жарнамалауға, сатуды ынталандыруға және демеушілікке толық тыйым салу енгізеді. Бұл сол Тарапта бар құқық шарттарын сақтай және қолда бар техникалық құралдардың болуын ескере отырып, оның аумағынан шығатын барлық трансшекаралық жарнамаға, сатуды ынталандыру мен демеушілікке толық тыйым салуды қамтиды. Осыған байланысты әрбір Тарап осы Тарап үшін Конвенция өз күшіне енгеннен кейінгі бес жыл ішінде тиісті заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік және/немесе өзге де шаралар қабылдайды және 21-бапқа сәйкес тиісті баяндамалар ұ с ы н а д ы .

3. Өз конституциясының күшіне немесе конституциялық қағидаттарға сәйкес толық тыйым салуға мүмкіндігі жоқ Тарап барлық жарнамаға, темекі өнімдерін сатуды ынталандыру мен демеушілікке шектеу қолданады. Бұл сол Тарапта бар құқық шарттарын сақтай және қолда бар техникалық құралдардың болуын ескере отырып, оның аумағынан шығатын және трансшекаралық әсері бар трансшекаралық жарнамаға, сатуды ынталандыру мен демеушілікке шектеу қоюды немесе толық тыйым салуды қамтиды. Осыған байланысты әрбір Тарап тиісті заңнамалық, орындаушылық, әкімшілік және/немесе өзге де шаралар және 21-бапқа сәйкес тиісті баяндамалар ұ с ы н а д ы .

4. Кемінде және өздерінің конституцияларына немесе конституциялық қағидаттарына сәйкес Тараптар:

(a) темекі өнімдерін рынокқа жалған, адастыратын немесе алдамшы өзге жолмен немесе адам денсаулығына кері әсер ететін, қауіпті немесе бөлінетін өнімдері туралы олардың сипаттамалары бұрыс түсінік туғызатын құралдармен келген жарнамалаудың, темекі өнімдерін сату мен демеушіліктің барлық түрлеріне тиым салады;

(b) денсаулыққа зияны туралы ескертулер немесе өзге де тиісті ескертулер темекі өнімдерін жарнамалаудың кез-келген түрінде болуын, тиісті жағдайларда сатуды және демеушілікті ескертуді талап етеді;

(c) халықтың темекі өнімдерін алуын көтермелейтін тікелей немесе жанама ынталандыруды пайдалануды шектейді;

(d) темекі өнеркәсібінің, егер ол әлі толық тыйым салу енгізбесе, әлі тыйым салынбаған жарнамаға, сатуды ынталандыру мен демеушілікке шығыстары туралы тиісті мемлекеттік органдарға ақпараттар ашуын талап етеді. Бұл органдар осы мәліметтерді қоғамның және 21-бапты орындау үшін тараптардың Конференциясының билігіне беру туралы ұлттық заңнамаларға сәйкес шешім қабылдай алады.

(e) Толық тыйым салады немесе өздерінің конституциясының немесе конституциялық қағидаттарының күшіне сәйкес Тараптар толық тыйым сала алмайтын жағдайда, радио, телевидение, бұқаралық ақпарат құралдарының баспа басылымдары, тиісті жағдайларда Интернет сияқты басқа да ақпарат құралдарында жарнаманы, темекі өнімдерін сату мен оны демеушілікті бес жылдық кезең ішіне шектейді; және

(f) Тыйым салады немесе Тараптар өзінің конституциясының немесе конституциялық қағидаттарының күшіне сәйкес тыйым сала алмайтын жағдайда, халықаралық оқиғалар; іс-шаралар немесе қатысушылар арасында темекі өнімдеріне демеушілік жасауды шектейді.

5. Тараптар 4-тармақта көрсетілген міндеттемелер шегінен шығатын шараларды іске асырғаны үшін бір-бірін көтермелейді.

6. Тараптар трансшекаралық жарнамаларды жоюға қажетті технологиялар мен өзге де құралдарды әзірлеу жөнінде ынтымақтасады.

7. Темекі жарнамалауға, оларды сату мен демеушілікті ынталандыру мен демеушіліктің кейбір нысандарына тыйым салған Тараптар, өз аумағына түскен трансшекаралық жарнаманың, сатуды ынталандыру мен демеушілікке қолданылатын санкция салу сияқты өз ұлттық заңнамасына сәйкес тыйым салу нысандарына егемен құқығы бар. Осы тармақ қандайда бір нақты санкцияны мақұлдауды немесе бекітуді білдірмейді.

8. Тараптар трансшекаралық жарнамаға, сату мен демеушілікті ынталандыруға толық тыйым салу мақсатында халықаралық ынтымақтастықты талап ететін тиісті шаралар баяндалған хаттама әзірлеу туралы мәселе қарайды.

1 4 - б а п

Темекі тәуелділікке қатысты сұранысты қысқарту және темекі тұтынуды тоқтату жөніндегі шаралар

1. Әрбір Тарап темекіні тұтынуды тоқтатуға жәрдемдесу мен темекіге тәуелділіктен барабар емделуді қамтамасыз ету үшін ұлттық жағдайлар мен басымдықтарды ескере отырып, ғылыми деректер мен үздік практикаға негізделген тиісінше, жан-жақты әрі кешенді басқару қағидаттарын әзірлейді және таратады.

2. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін әрбір Тарап:

(a) темекіні тұтынуды, соның ішінде оқу орындары, медициналық-санитарлық мекемелер, жұмыс орындары мен спорт шараларын өткізетін орындарда тоқтатуға жәрдемдесуге бағытталған тиімді бағдарламалар әзірлеуге және іске асыруға;

(b) темекіге тәуелдіктің диагностикасы мен емдеуді және темекі шегуді тоқтатуға қатысты консультация беру жөніндегі қызмет көрсетулерді денсаулық сақтау саласында және тиісті жағдайларда денсаулық сақтау қызметкерлерін, қауымдастықтардағы қызметкерлер мен әлеуметтік сала қызметкерлерінің қатысуымен ағартушылықты ұлттық бағдарламаларға, жоспарлар мен стратегияларға енгізуге;

(c) медициналық-санитарлық жәрдем мен оңалту орталықтарында диагностика, консультация беру, темекіге тәуелділіктің алдын алу мен емдеу жөнінде бағдарламалар ж а с а у ғ а ;

(d) емделуге қол жеткізуді жеңілдету және 22-бапқа сәйкес фармацевтикалық препараттарды қоса алғанда, темекіге тәуелділіктен емделу бағасы бойынша қолжетімділікте өзге Тараптармен ынтымақтасуға ұмтылады; мұндай препараттар мен олардың құрамдас бөліктері дәрілік заттарды енгізуге; сондай-ақ тиісті жағдайларда диагностика үшін пайдаланылатын дәрілік заттарды, препараттарды қамтуы мүмкін.

IV Бөлім. Темекі жеткізілімін қысқартуға қатысты шаралар

1 5 - б а п

Темекі өнімдерін заңсыз сату

1. Тараптар, контрабанданы, заңсыз өндіру мен қолдан жасауды, сондай-ақ субөңірлік, өңірлік және ғаламдық келісімдерден басқа, тиісті ұлттық заңнаманы әзірлеу мен жүзеге асыруды қоса алғанда, темекі өнімдерін заңсыз сатудың барлық нысандарын жою темекіге қарсы күрестің қажетті құрамдас бөліктері екенін Тараптар м о й ы н д а й д ы .

2. Әрбір Тарап темекі өнімдерінің шыққан жерін айқындауда Тараптарға көмек беру үшін темекі өнімдерінің барлық қораптары мен орамдары және мұндай бұйымдардың сыртқы орамдары таңбалануын қамтамасыз ету және ұлттық заңдар мен екіжақты және көпжақты келісімдерге сәйкес, ауытқу нүктесін, сондай-ақ темекі өнімдерінің мониторингін, құжаттандырылуы мен қозғалысын бақылауды және заңды мәртебесін

белгілеуде Тараптарға көмектесу үшін тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік немесе өзге де шаралар қолданады әрі жүзеге асырады. Мұнан басқа, әрбір Тарап:

(а) темекі өнімдерінің әрбір жеке қорабы мен орамында мынадай мәтіндегі жазу болуын: "Тек қана мынадай жағдайда сатуға рұқсат етіледі (елдің, субұлттық, өңірлік немесе федералдық аумақтық бірлігі қамтылады)" немесе баратын соңғы нүктесін көрсететін немесе аталған өнімнің ішкі рынокқа оның ішкі рыногында бөлшек және көтерме саудада сату үшін темекі сату үшін заңды негізде түскен-түспегенін органдарға айқындауға көмектесетін кез-келген басқа тиімді таңбалануы болуын талап етеді ; ж ә н е

(b) тиісті жағдайларда бөлу жүйесін одан әрі қорғайтын және заңсыз сауда жағдайларын тергеуге көмектесетін практикалық назарда ұстау мен назарда ұстау режимі жүйесін құру туралы мәселені қарайды.

3. Әрбір Тарап осы Баптың 2-тармағында көрсетілген орамдағы немесе таңбалаудағы ақпараттың анық және/немесе негізгі тілде немесе негізгі тілдерде болуын талап етеді .

4. Темекі өнімдерін заңсыз сатуды жою мақсатында әрбір Тарап:

(а) заңсыз сатуды қоса алғанда, темекі өнімдерін трансшекаралық сату туралы мониторинг пен деректер жинауды жүзеге асырады, сондай-ақ тиісті жағдайларда кеден, салық және өзге де органдар арасында ұлттық заңдарға және қолданыстағы екі жақты немесе көп жақты келісімдерге сәйкес ақпараттар алмасады;

(b) темекі өнімдерін заңсыз сатуға қарсы, соның ішінде қолдан жасалған және контрабандалық сигареттерді сатуға бағытталған заңнаманы тиісті санкциялармен және шараларымен қабылдайды немесе нығайтады;

(c) тәркіленген барлық өндірістік құралдарды, қолдан жасалған және контрабандалық сигареттер мен өзге де темекі өнімдерін жойылуы үшін, іс жүзінде жүзеге асыруға болатын жағдайда, экологиялық таза әдістерді пайдалана отырып немесе ішкі заңдарға сәйкес аластауды қамтамасыз ету жөнінде қажетті қадамдар жасайды ;

(d) өзінің заңдық шегінде салықсыз немесе баж салығынсыз режимде сақталып қойылатын және тасымалданатын темекі өнімдерін сақталуы мен бөлінуіне мониторинг , құжаттандыру және бақылау жүргізу мақсатында шаралар қабылдайды және іске асырады ;

(e) темекі өнімдерін заңсыз сатудан түскен кірісті тәркілеу мақсатында қажетті шаралар қолданады .

5. Осы Баптың 4(a) және 4(d) тармақшаларына сәйкес жиналған ақпараттарды Тараптар тиісті жағдайларда 21-бапқа сәйкес жинақталған түрде өздерінің кезеңдік баяндамаларында Тараптардың Конференциясына ұсынады.

6. Тараптар темекі өнімдерін заңсыз сатуды жою мақсатында тиісті жағдайларда және ұлттық заңнамаға сәйкес, ұлттық мекемелер, сондай-ақ тиісті өңірлік және

халықаралық үкіметаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастыққа бұл тергеуге, сот қудалауы мен рәсімдеріне қандай дәрежеде қатысты екеніне қарай жәрдемдеседі. Негізгі назар темекі өнімдерін заңсыз сатумен күрес мақсатында өңірлік және субөңірлік деңгейдегі ынтымақтастыққа ерекше назар аударылады.

7. Әрбір Тарап заңсыз сауданың алдын алу мақсатында тиісті жағдайларда темекі өнімдерін бақылау немесе өндірісін реттеу және бөлу үшін лицензиялауды қоса алғанда, одан әрі шаралар қолдануға әрі жүзеге асыруға ұмтылады.

1 6 - б а п

Кәмелеттік жасқа толмағандарға сату және кәмелеттік жасқа толмағандардың сатуы

1. Әрбір Тарап ішкі заңнамада, ұлттық заңнамада белгіленген жасқа немесе он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекі өнімдерін сатуға тыйым салу үшін тиімді заңнамалық, атқару, әкімшілік немесе шараларды тиісті үкіметтік деңгейде шаралар қолданады және жүзеге асырады:

Б ұ л ш а р а л а р :

(a) темекі өнімін сатушылардың барлығынан өздерінің сату нүктесінің ішінде көрінетін жәрдем кәмелеттік жасқа толмағандарға темекі өнімдерін сатуға тыйым салынғаны туралы хабарландыру ілу талабын, егер күдік болған жағдайда, олардан заңмен белгіленген кәмелеттік жасқа жеткенін айғақтайтын құжатты талап етуді;

(b) темекі өнімдерін кез келген тәсілмен, мәселен мұндай өнімдерге дүкеннің сөрелерінен тікелей қол жеткізуді қамтамасыз ететін тәсілмен сатуға тыйым салуды;

(c) кәмпиттерді, тіскебасарларды, ойыншықтарды немесе өзге де заттарды кәмелетке толмағандардың көңілін аударатын темекі өнімдері түрінде жасауға және сатуға тыйым салуды; және

(d) темекі өнімдерін сататын өзінің заңдық құзырындағы автоматтарға кәмелетке толмағандардың қолы жетпейтіндей және кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сатуды ынталандырмайтындай болатын жағдайды қамтамасыз етуді қамтиды.

1. Әрбір Тарап тегін темекі өнімдерінің халықтың, әсіресе кәмелетке толмағандардың арасында таратуға тыйым салады және тыйым салуға ықпал етеді.

2. Әрбір Тарап сигареттің кәмелетке толмағандарға қолжетімді болуын ұлғайтатындай бір данадан немесе шағын қаптамалармен сатуға тыйым салуға ұмтылады.

3. Тараптар кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сатуға алдын алу жөніндегі шаралардың тиімділігін күшейту үшін, қажет болған жағдайда осы Конвенцияда қамтылған өзге де ережелермен үндестікте жүзеге асырылуға тиіс екенін таниды.

4. Тараптар Конвенцияға қол қойған, бекіткен, қабылдаған не оған қосылған кезде, немесе Тарап кез келген уақытта кейіннен міндетті күші бар жазбаша өтініштің көмегімен өзінің заңдық құзырының шегіндегі темекі өнімдерін сататын автоматтарды іске қосуға тыйым салуға міндеттенуін, немесе тиісті жағдайларда темекі өнімдерін

сататын автоматтарға толық тыйым салуды енгізуді міндеттенуін көрсете алады. Осы баптың негізінде жасалған мәлімдемені Конвенцияның барлық Тараптарына
Д е п о з и т а р и й ж о л д а й д ы .

5. Әрбір Тарап осы Баптың 1-5-тармақтарында қамтылған міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында, көтерме және бөлшек сауда жасаушыларға қарсы санкцияларды қоса алғанда, тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік немесе өзге де шаралар қолданады және жүзеге асырады.

6. Әрбір Тарап тиісті жағдайларда ішкі заңнамада, ұлттық заңнамада белгіленген жасқа немесе он сегіз жасқа толмағандарға темекі өнімдерін сатуға тыйым салу мақсатында шараларды немесе тиімді заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік шараларды қолдануы және жүзеге асыруы керек.

1 7 - б а п

Экономикалық өміршең қызметтің балама түрлерін қолдау

Тараптар басқа Тараптармен, халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдармен ынтымақтастықта, темекі өндірумен және өсірумен айналысатын адамдардың және тиісті жағдайларда жеке сатушылардың мүддесінде экономикалық өміршең басқа баламаларға ықпал етеді.

V Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

1 8 - б а п

Қоршаған ортаны қорғау және адамдардың денсаулығы

Осы Конвенция бойынша Тараптар өз аумағында темекі өсіру мен оны өндіруге қатысты өздерінің міндеттемелерін орындау кезінде қоршаған ортаны қорғау мен қоршаған ортаны қорғаумен байланысты адамдардың денсаулығын сақтау мәселелерін тиісті деңгейде ескеруге келіседі.

VI Бөлім: Жауапкершілікке байланысты мәселелер

1 9 - б а п

Жауапкершілік

1. Темекіге қарсы күрес мақсатында Тараптар қажет кезінде тиісті жағдайлардағы өтемақыны қоса алғанда, қылмыстық және азаматтық жауапкершілік мәселелерін шешу үшін заңнамалық шараларды қабылдау немесе қолданыстағы заңнаманы дамыту мүмкіндігін қарайды.

2. Тараптар 21-бапқа сәйкес Тараптардың Конференциялары арқылы бір-бірімен ақпарат алмасу жөнінде ынтымақтасады, оның ішінде:

(а) темекі өнімдерін пайдаланудың денсаулыққа келтіретін және 20.3 (а)-бапқа сәйкес темекі түтіні әсерінің салдары жайында ақпарат алмасады; және

(б) қолданыстағы заңнама мен ережелер, сондай-ақ тиісті сот практикасы туралы ақпарат алмасады.

3. Тараптар тиісті жағдайларда және өзара келісе отырып, бір-біріне ұлттық заңнама

, саясат, құқықтық практика және де осы Конвенцияға сәйкес азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке қатысты іс жүргізу қимылдарын жүзеге асыруда қолданылып, іске қосылатын шарт тетіктері шеңберінде көмек береді.

4. Конвенция Тараптардың бір-бірінің сот органдарына қол жеткізу құқықтарына, мұндай құқықтар бар жерде оларға ешқандай қол сұқпайды немесе шектемейді.

5. Тараптардың Конференциясы тиісті халықаралық форумдарда жүргізілетін жұмысты ескере отырып, осы мәселелерге тиісінше халықаралық тұрғыдан келу және Тараптарға қолдау көрсету жөніндегі тиісті құралдарды қоса алғанда, олардың өтініші бойынша, осы Бапқа сәйкес олардың заңнамалық және өзге де қызметінде жауапкершілікке қатысты мәселелерді мүмкіндігінше ертерек сатысында қарауы мүмкін.

VII Бөлім: Ғылыми-техникалық ынтымақтастық және ақпарат беру

2 0 - б а п

Ғылыми зерттеулер, эпидқадағалау және ақпарат алмасу

1. Тараптар темекіге қарсы күрес саласындағы ұлттық зерттеулерді дамыту мен оларға жәрдемдесу және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын үйлестіру жөніндегі шараларды өңірлік әрі ғаламдық деңгейлерде қабылдайды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін

Т а р а п :

(а) зерттеулер және ғылыми бағалаулар жүргізуде тікелей немесе құзіретті халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдар мен басқа органдар арқылы ынтымақтастыққа бастамашылық жасайды әрі жүзеге асырады және бұл ретте темекі тұтынуды қозғаушы себептері мен зардаптары және темекі түтінінің әсерін зерделеуге бағытталған, сондай-ақ балама дақылдарды анықтауға бағытталған зерттеулерге жәрдемдеседі және қолдау көрсетеді; және

(б) құзіретті халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдар мен басқа органдардың қолдауымен ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, темекіге қарсы күрес жөніндегі қызметпен айналысатындардың барлығын даярлау және қолдау көрсетуде, жүзеге асыруды және бағалауды дамытады әрі нығайтады.

2. Тараптар тиісті жағдайларда темекі тұтынудың зардаптары мен темекі түтіні әсерінің ауқымын, құрылымдарын, қозғаушы себептерін ұлттық, өңірлік және ғаламдық эпидқадағалау бағдарламаларын жасайды. Осы мақсатта Тараптар темекіні эпидқадағалау бағдарламасын өңірлік және халықаралық деңгейлердегі деректердің салыстырмалығы мен талдаудың мүмкіндігін тиісті жағдайларда қамтамасыз ету үшін денсаулық жай-күйін эпидқадағалаудың ұлттық, өңірлік және ғаламдық бағдарламаларын енгізеді.

3. Тараптар халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдар мен басқа да органдар тарапынан қаржылық және техникалық көмектің маңызын таниды.

Ә р б і р Т а р а п :

(а) темекі тұтынуды эпидемиологиялық қадағалаудың ұлттық жүйесін және тиісті әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерді және денсаулық көрсеткіштерін кезең-кезеңімен жасауға;

(б) темекіні өңірлік және ғаламдық эпидқадағалауда және осы Баптың 3(а)-тармағында көрсетілген көрсеткіштер туралы ақпарат алмасуда үкіметтік және бейүкіметтік ұйымдарды қоса алғанда, күзіретті халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдармен және басқа да органдармен ынтымақтасуға;

(с) темекіге байланысты эпидқадағалау деректерін жинау, талдау және таратуды айқындауға арналған жалпы басшылық қағидаттарды немесе рәсімдерді әзірлеуде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен ынтымақтасуға ұмтылады.

4. Тараптар өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес ашық ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, коммерциялық және заңдық ақпаратпен, сондай-ақ осы Конвенцияға қатысы бар темекі өнеркәсібі мен темекі өсіру практикасына қатысты ақпарат алмасуға жәрдемдеседі және оны жеңілдетеді, бұл ретте дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптардың айрықша қажеттіліктерін ескереді және қарайды. Әрбір Тарап:

(а) құрамында темекіге қарсы күресті регламенттейтін заңдар мен ережелер бар жаңартылған дерекқорды және тиісті жағдайларда олардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті сот практикасы туралы ақпаратты кезең-кезеңімен жасау әрі қолдау мен темекіге қарсы күрес саласындағы бағдарламаларды өңірлік және ғаламдық деңгейлерде әзірлеуде ынтымақтасуға;

(б) осы Баптың 3(а)-тармағына сәйкес эпидқадағалаудың ұлттық бағдарламаларынан алынған жаңартылған дерекқорын кезең-кезеңімен жасауға және қолдауға;

(с) күзіретті халықаралық ұйымдармен темекі өндіру және темекі өнімдерін дайындау туралы, сондай-ақ осы Конвенцияға немесе темекіге қарсы күрес жөніндегі ұлттық қызметке ықпал ететін темекі өнеркәсібі қызметі туралы ақпаратты тұрақты жинау және тарату үшін ғаламдық жүйені кезең-кезеңмен жасау және қолдау мақсатында ынтымақтасуға ұмтылады.

5. Тараптар өңірлік және халықаралық үкіметаралық ұйымдардың және қаржы мекемелердің, сондай-ақ өздері мүшелері болып табылатын дамыту мәселелерімен айналысатын мекемелер шеңберінде, дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға олардың зерттеулер, эпидқадағалау және ақпарат алмасу жөніндегі міндеттемелерін орындауда көмек көрсету үшін Хатшылыққа жәрдемдесу әрі техникалық және қаржы ресурстарын беруді көтермелеу мақсатында ынтымақтасуы керек.

2 1 - б а п

Есептілік және ақпарат алмасу

1. Әрбір Тарап Хатшылық арқылы Тараптар Конференциясына өзінің Конвенцияны орындағаны туралы мерзімдік баяндамаларын ұсынады; онда мыналар қамтылады:

(a) Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында қабылданған заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік немесе өзге де шаралар туралы ақпарат;

(b) тиісті жағдайларда Конвенцияны жүзеге асыруда кездескен кез-келген кедергілер мен тосқауылдар туралы және осы тосқауылдарды жою үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат;

(c) темекіге қарсы күрес жөніндегі қызмет үшін берілген немесе алынған қаржылық және техникалық көмек туралы тиісті жағдайларда ақпарат;

(d) 20-бапта көрсетілгендей, эпидқадағалау және зерттеулер туралы ақпарат; және

(e) 6.3, 13.2, 13.3, 13.4(d), 15.5 және 19.2-баптарда көрсетілген ақпарат.

2. Мұндай баяндамаларды барлық Тараптардың ұсынуының жиілігі мен нысанын Тараптардың Конференциясы айқындайды. Әрбір Тарап аталған Тарап үшін Конвенция күшіне енгеннен кейін екі жыл ішінде өзінің бастапқы баяндамасын дайындайды.

3. Тараптар Конференциясы 22 және 26-баптарға сәйкес дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға, олардың өтініші бойынша, осы Баптағы олардың өз міндеттемелерін орындауға көмек көрсету жөніндегі шараларды қарайды.

4. Осы Конвенция бойынша баяндамалар ұсыну және ақпарат алмасу жеке өмірінің құпиялылығын және қол сұғылмауын қамтамасыз ету тұрғысындағы ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Тараптар өзара келісім бойынша алмасатын кез-келген құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді.

2 2 - б а п

Ғылыми-техникалық және заң салаларындағы ынтымақтастық және тиісті тәжірибені ұсыну

1. Тараптар дамушы елдер болып табылатын Тараптардың және өтпелі экономикасы бар Тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып, осы Конвенциядан туындайтын міндеттемелерді орындау жөніндегі өзінің әлеуетін нығайту мақсатында тікелей немесе құзіретті халықаралық органдар арқылы ынтымақтасады. Мұндай ынтымақтастықтың темекіге қарсы күрес саласындағы ұлттық стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу және нығайту үшін өзара келісім бойынша ғылыми-техникалық және заңдық тәжірибені және технологияны беруге жәрдемдесу, атап айтқанда, мыналарға бағытталған мақсаты болады:

(a) темекіге қарсы күреске байланысты технологияларды, білімді, дағдыны, әлеуетті және тәжірибені әзірлеуге, беруге және алуға жәрдемдесуге;

(b) Мыналар:

(i) тиісті өтініш бойынша тұғырлы заңнамалық негізді, сондай-ақ темекіні тұтынуды бастаудың алдын алу, оны тұтынуды тоқтатуға және темекі түтінінің әсерінен қорғауға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламаларды қоса алғанда, техникалық

бағдарламаларды жасауда көмек көрсету;

(ii) темекі секторында жұмыс істейтін адамдарға тиісті жағдайларда экономикалық тұрғыдан өміршең құралдарды қамтамасыз етудің тиісті экономикалық және заңдық тұрғыдан өміршең балама тәсілдерін әзірлеуде көмек көрсету;

(iii) темекі өсірумен айналысатын адамдарға тиісті жағдайларда ауыл шаруашылығы өндірісін экономикалық тұрғыдан өміршең балама дақылдарға ауыстыруға көмек көрсету арқылы Конвенцияны жүзеге асыруға бағытталған темекіге қарсы күрес саласындағы ұлттық стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды жасау әрі нығайту үшін ғылыми-техникалық, заңдық және өзге де тәжірибелерді ұсыну ;

(c) 12-бапқа сәйкес тиісті қызметкерді даярлаудың тиісті бағдарламаларын қолдау немесе ақпараттануын арттыру;

(d) тиісті жағдайларда темекіге қарсы саласындағы стратегиялар, жоспарлар мен бағдарламалар үшін қажетті материалдарды, жабдықты беру және материалдық-техникалық қолдау көрсету;

(e) никотинге тәуелділікті жан-жақты емдеуді қоса алғанда, темекіге қарсы күрестің әдістерін айқындау ;

(f) никотинге тәуелділікті жан-жақты емдеудің қол жетімділігін арттыру мақсатында тиісті жағдайларда ғылыми зерттеулерге жәрдемдесу.

2. Тараптар Конференциясы ғылыми-техникалық және заң тәжірибесі мен технологияны беруде жәрдемдеседі және осылай беруді 26-бапқа сәйкес көрсетілген қаржылай қолдау кезінде жеңілдетеді.

VIII Бөлім: Ұйымдастыру шаралары және қаржы ресурстары

2 3 - б а п

Тараптар Конференциясы

1. Тараптар Конференциясы осымен бекітіледі. Конференцияның бірінші сессиясын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей шақырады. Конференция өзінің бірінші сессиясында келесі кезекті сессиялардың өтетін орны мен уақытын белгілейді.

2. Тараптар Конференциясының кезектен тыс сессиялары Конференция қажет деп тапқан немесе бұл талап туралы ақпаратты Конвенцияның Хатшылығы оларға берілген сәтінен бастап алты ай ішінде Тараптардың кемінде үштен бірі қолдайтын жағдайда кез келген Тараптың жазбаша талабы бойынша басқа мерзімдерде өткізіледі.

3. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында өзара келісіммен рәсімінің Е р е ж е с і н қ а б ы л д а й д ы .

4. Тараптар Конференциясы өзара келісіммен өзінің ережелерін, сондай-ақ ол құра алатын кез-келген қосалқы органдарды қаржыландыруды регламенттейтін ережелерді, сондай-ақ Хатшылықтың жұмысын регламенттейтін қаржы ережелерін қабылдайды.

Ол әрбір кезекті сессияда келесі кезекті сессияға дейінгі қаржылық кезеңге арналған
б ю д ж е т т і б е к і т е д і .

5. Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның жүзеге асырылуын тұрақты қарайды әрі оны тиімді жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін қажетті шешімдерді қабылдайды және 28, 29 және 33-баптарға сәйкес Конвенцияға хаттамаларды, қосымшалар мен түзетулерді қабылдай алады. Ол осы мақсатта:

(a) 20 және 21-баптарға сәйкес ақпарат алмасуға жәрдемдеседі және жеңілдетеді;

(b) осы Конвенцияны жүзеге асыруға қатысты, 20-бапта көзделгендерді толықтыруға ғылыми зерттеулерді салыстырмалы әдіснамаларын әзірлеуге және деректер жинағын мерзімдік жетілдіруге жәрдемдеседі және жібереді;

(c) стратегияларды, жоспарлар мен бағдарламаларды, сондай-ақ саясатты, заңнаманы және басқа да шараларды әзірлеуге, жүзеге асыруға және бағалауға тиісті жағдайларда жәрдемдеседі;

(d) осы Конвенцияның 21-бабына сәйкес Тараптар ұсынған баяндамаларды қарайды және Конвенцияның жүзеге асырылуы туралы тұрақты баяндамаларды бекітеді;

(e) 26-бапқа сәйкес осы Конвенцияны жүзеге асыруға арналған қаржы ресурстарын жұмылдыруға жәрдемдеседі және ықпал етеді;

(f) осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті қосалқы органдарды бекітеді ;

(g) тиісті жағдайларда күзиретті және тиісті ұйымдардың әрі Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесі органдарының және басқа халықаралық әрі өңірлік укіметаралық ұйымдар мен бейүкіметтік ұйымдардың және органдардың Конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды нығайту құралы ретінде қызмет көрсету және ынтымақтасу, сондай-ақ ақпарат ұсыну туралы өтініш жасайды; және

(h) тиісті жағдайларда осы Конвенцияның мақсатына қол жеткізу үшін оны жүзеге асыру процесінде жинақталған тәжірибе аясында басқа да іс-қимылдарды қарайды.

6. Тараптар Конференциясы оның жұмысында бақылаушылардың қатысу өлшемдерін белгілейді.

2 4 - б а п

Хатшылық

1. Тараптар Конференциясы тұрақты хатшылықты тағайындайды және оның жұмыс істеу жағдайларын қамтамасыз етеді. Тараптардың Конференциясы мұны өзінің бірінші сессиясында орындауға ұмтылады.

2. Тұрақты хатшылықты тағайындалған және бекітілген сәтке дейін хатшылықтың функциясын осы Конвенцияға сәйкес дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қамтамасыз етеді .

3. Хатшылықтың функциялары :

(a) Тараптар Конференциясының және кез келген қосалқы органдардың сессияларын ұйымдастыру мен оларды қажетті қызметтер көрсетумен қамтамасыз ету;

(b) осы Конвенцияға сәйкес өздері алған баяндамаларды беру;

(c) Тараптарға, әсіресе, дамушы елдер болып табылатын Траптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға олардың сұрауы бойынша осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес талап етілетін ақпаратты жинау мен беруге көмек көрсету;

(d) Тараптар Конференциясының басшылығымен Конвенцияға сәйкес өзінің қызметі туралы баяндамалар дайындау және оларды Тараптар Конференциясына ұсыну ;

(e) Тараптар Конференциясының басшылығымен күзіретті халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдармен және басқа да органдармен қажетті үйлестіруді қ а м т а м а с ы з е т у ;

(f) Тараптар Конференциясының басшылығымен оның функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін талап етілуі мүмкін мұндай әкімшілік немесе келісімшарттар жасасу;

(g) Конвенцияда және оның кез-келген хаттамаларында көрсетілген басқа да хатшылық функцияларын, сондай-ақ Тараптар Конференциясы айқындауы мүмкін осындай басқа да функцияларды орындау болып табылады.

2 5 - б а п

Тараптар Конференциясы мен үкіметаралық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынас

Осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуде техникалық және қаржылық ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Тараптар Конференциясы, қаржы мекемелерін және даму мәселелерімен айналысатын мекемелерді қоса алғанда, құзыретті халықаралық және өңірлік үкіметаралық ұйымдарға ынтымақтастық туралы өтініш жасай алады.

2 6 - б а п

Қаржы ресурстары

1. Тараптар осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуде қаржы ресурстарының маңызды рөл атқаратынын таниды .

2. Әрбір Тарап өзінің ұлттық жоспарларына, басымдықтары мен бағдарламаларына сәйкес осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, өзінің ұлттық қызметіне қатысты қаржылай қолдауды қамтамасыз етеді.

3. Тараптар дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптардың темекіге қарсы күрестің көп салалы жан-жақты бағдарламаларын әзірлеуді және нығайтуды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайларда екіжақты, өңірлік, қосалқы өңірлік және басқа да көпжақты арналарды пайдалануға жәрдемдеседі. Тиісінше, ұлттық деңгейде әзірленетін тұрлаулы даму стратегияларының аясында дақылдарды әрараптаңдыруды қоса алғанда, темекі өндірісінің экономикалық өміршең баламаларын қарау және қолдау керек.

4. Тиісті өңірлік және халықаралық үкіметаралық ұйымдарда сондай-ақ қаржы мекемелерінде және даму мәселелерімен айналысатын мекемелерде өкілдік ететін

Тараптар, дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға бұл ұйымдарда қатысу құқығын шектемей, олардың осы Конвенция бойынша өз міндеттемелерін орындауға көмек көрсету мақсатында осы ұйымдар мен мекемелердің қаржылай қолдаумен қамтамасыз етуін көтермелейді.

5. Тараптар мыналарға келіседі:

(a) Тараптарға осы Конвенция бойынша өз міндеттемелерін орындауға көмек көрсету үшін барлық Тараптардың, әсіресе, дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптардың игілігі үшін барлық тиісті ықтимал және қолда бар қаржылай, техникалық немесе темекіге қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар үшін қолжетімді өзге де мемлекеттік және жекеше ресурстарды жұмылдыру әрі п а й д а л а н у к е р е к .

(b) Хатшылық дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға, олардың өтініші бойынша, осы Конвенциядағы олардың өз міндеттемелерін орындауын жеңілдету үшін қаржыландырудың қолда бар көздері т у р а л ы к е ң е с б е р е д і .

(c) Тараптар Конференциясы өзінің бірінші сессиясында Хатшылық жүргізген зерттеулердің және басқа да тиісті ақпараттың негізінде қолда бар және ықтимал көздер мен тетіктерге шолу жүргізеді және олардың сәйкестігін қарайды.

(d) бұл шолудың нәтижелерін Тараптар Конференциясы қолда бар тетіктерді нығайту немесе қажет кезінде қосымша қаржы ресурстарын дамушы елдер болып табылатын Тараптар мен өтпелі экономикасы бар Тараптарға жіберу үшін осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуде оларға көмек көрсету үшін ерікті ғаламдық қорды құрудың не өзге де тиісті қаржы тетіктерін жасаудың қажеттілігін айқындау кезінде ескеретін болады.

IX Бөлім: Дауларды реттеу

2 7 - б а п

Дауларды реттеу

1. Екі не одан да көп Тараптардың арасында осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дау туындаған жағдайда тиісті Тараптар қайырымдылық қызметтерді, делдалдықты немесе татуласуды қоса алғанда, келіссөздер немесе олардың таңдауымен кез келген басқа бейбіт жолдар арқылы дипломатиялық арналар бойынша даулы реттеуге ұмтылады.

2. Осы Конвенцияны бекіту, қабылдау, негіздеу не ресми мақұлдау немесе оған қосылу кезінде не бұдан кейін кез келген уақытта мемлекет немесе экономикалық ықпалдастық өңірлік ұйымы Депозитарийге осы Баптың 1-тармағына сәйкес шешілуі мүмкін емес дауға қатысты өзара келісім негізінде Тараптар Конференциясының қабылдауына жататын рәсімдерге сәйкес арнайы төрелік жасауға өздерінің мәжбүрлі

шара ретінде келісетінін жазбаша мәлімдей алады.

3. Осы Баптың ережелері, егер онда өзгеше көзделмесе, осы хаттаманың тараптар арасындағы дауға қолданылатын кез-келген хаттамасына қатысты қолданылады.

Х Бөлім: Конвенцияны одан әрі әзірлеу

2 8 - б а п

Конвенцияға түзетулер

1. Кез келген Тарап осы Конвенцияға түзетулер ұсына алады. Мұндай түзетулерді Тараптар Конференциясы қарайтын болады.

2. Конвенцияға түзетулерді Тараптар Конференциясы қарайды.

Конвенцияға ұсынылатын кез келген түзетудің мәтіні оны қабылдау үшін ол ұсынылатын сессияға дейін кемінде алты ай бұрын Хатшылық Тараптарға алдын ала жөнелтеді. Хатшылық ұсынылатын түзетулердің мәтінін Конвенцияға қол қойған Тараптарға және ақпарат үшін - Депозитарийге де жолдайды.

3. Тараптар өзара келісім негізінде осы Конвенцияға ұсынылатын кез келген түзетулер бойынша келісімге қол жеткізу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Егер өзара келісімге қол жеткізудегі барлық күш-жігер жұмсалып, ал келісімге қол жеткізілмесе, онда соңғы шара ретінде түзету отырысқа қатысушы және дауыс беруге қатысушы Тараптардың төрттен үшіннің көпшілік даусымен қабылданады. Осы Баптың мақсаттары үшін отырысқа қатысушы және дауыс беруге қатысушы Тараптар деп отырысқа қатысушы және "иә" немесе "жоқ" деп дауыс беруші Тараптар түсініледі.

4. Түзетулерді қабылдау туралы құжаттар Депозитарийге сақтауға тапсырылады. Осы Баптың 3-тармағына сәйкес қабылданған түзету оны қабылдаған Тараптар үшін осы Конвенцияны кем дегенде үш Тарап қабылдау туралы құжатты Депозитарий алған күнінен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

5. Түзету кез келген басқа Тарап үшін осы Тараптың аталған түзетуді қабылдағаны туралы өз құжатын Депозитарийге сақтауға берген күнінен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2 9 - б а п

Конвенцияға қосымшаларды қабылдау және оған түзетулер енгізу

1. Осы Конвенцияға қосымшалар мен оларға түзетулер 28-бапта белгіленген рәсімге сәйкес ұсынылады, қабылданады және күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияға қосымшалар оның ажырамас бөлігін құрайды және егер онда тікелей өзгеше көзделмесе, Конвенцияға сілтеме сонымен қатар оның кез келген қосымшасына сілтеме болып табылады.

3. Қосымшалар тізімдермен, нысандармен және рәсімдік, ғылыми, техникалық және әкімшілік мәселелерге қатысты өзге де сипаттамалық материалдармен шектеледі.

XI Бөлім: Қорытынды ережелер

3 0 - б а п

Ескертпелер

Осы Конвенцияға ешқандай ескертпелер жасауға болмайды.

3 1 - б а п

Шығу

1. Қандай да бір Тарап үшін осы Конвенция күшіне енген күнінен екі жыл өткеннен кейін кез келген уақытта бұл Тараптың Депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, Конвенциядан шығуына болады.

2. Кез келген осындай шығу Депозитарийдің шығуы туралы хабарлама алған күнінен бастап бір жыл өткеннен кейін немесе шығу туралы хабарламада көрсетілуі мүмкін неғұрлым кешірек уақытта күшіне енеді.

3. Осы Конвенциядан шығатын кез келген Тарап, ол Тарабы болып табылатын кез келген хаттамада да шыққан болып саналады.

3 2 - б а п

Дауыс беру құқығы

1. Осы Конвенцияның әрбір Тарабы осы Баптың 2-тармағында көзделген жағдайдан басқа бір дауысқа ие болады.

2. Өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдары өздерінің құзіретіне енетін мәселелерде осы Конвенция Тараптарының мүше-мемлекеттерінің санына тең дауыстарға ие бола отырып, өзінің дауыс беру құқығын пайдаланады. Мұндай ұйым, егер оның мүшесі болып табылатын қандай да бір мемлекет өз құқығын пайдаланса және керісінше пайдаланбаса, өзінің дауыс беру құқығын пайдаланбайды.

3 3 - б а п

Хаттамалар

1. Кез келген Тарап хаттамалар ұсына алады. Мұндай ұсыныстарды Тараптардың Конференциясы қарайды.

2. Тараптардың Конференциясы Конвенцияға хаттамаларды қабылдауы мүмкін. Ол хаттамаларды қабылдау кезінде өзара келісімге қол жеткізу үшін барлық күш-жігер жұмсалады. Егер өзара келісімге қол жеткізуге күш-жігер жұмсалып, ал келісімге қол жеткізілмесе, соңғы шара ретінде хаттама отырысқа қатысқан және дауыс беруге қатысқан Тараптар деп отырысқа қатысқан және "иә" немесе "жоқ" дауыс берген Тараптар түсініледі.

3. Ұсынылған хаттаманың кез келген мәтінін Хатшылық Тараптарға оны қабылдауға ұсынатын сессияға дейін кемінде алты айдан кешіктірмей жолдайды.

4. Хаттаманың Тараптары осы Конвенцияның Тараптары ғана болуы мүмкін.

5. Осы Конвенцияға кез келген хаттама тиісті хаттаманың тараптары үшін ғана міндетті болып табылады. Қандай да бір хаттамаға ғана қатысты мәселелер жөніндегі шешімді осы хаттаманың тараптары ғана қабылдайды.

6. Кез келген хаттаманың күшіне ену шарттары осы хаттамамен белгіленеді.

3 4 - б а п

Қол қою

Осы Конвенция Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүше барлық мемлекеттер мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болып табылмайтын, бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері болып табылатын кез келген мемлекет және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Женевадағы штаб-пәтерінде 2003 жылғы 16-22 маусым аралығында, кейіннен Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде 2003 жылғы 30 маусым - 2004 жылғы 29 маусым аралығында өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдарының қол қоюы үшін ашық болады.

3 5 - б а п

Бекіту, қабылдау, негіздеу, ресми мақұлдау немесе қосылу

1. Осы Конвенцияны мемлекеттер бекітуге, қабылдауға, негіздеуге немесе қосылуға, сондай-ақ өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдары ресми мақұлдауға немесе оған қосылуға тиіс. Ол Конвенцияға қол қою жабылатын күнінен кейінгі күнінде қосылу үшін ашылады. Бекіту, қабылдау, негіздеу, ресми мақұлдау немесе қосылу туралы құжаттар Депозитарийге сақтау үшін тапсырылады.

2. Осы Конвенцияның Тарапы болатын кез келген өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымы оған мүше-мемлекеттің бірде бірі Тарап болып табылмайтын жағдайда Конвенция бойынша барлық міндеттерді алады. Осындай ұйымдарға мүше-мемлекеттердің біреуі немесе бірнешеуі Конвенцияның Тарапы болған жағдайда, бұл ұйым мен оның мүшелері болып табылатын мемлекеттер Конвенция бойынша өзінің міндеттерін орындау жөніндегі олардың тиісті міндеттеріне қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жағдайларда ұйымдар мен мүше-мемлекеттер Конвенциядан туындайтын құқықтар олармен қатар жүзеге асыра алмайды.

3. Өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымдары өздерінің ресми мақұлдау туралы құжаттарында немесе өздерінің қосылу туралы құжаттарында осы Конвенциямен реттелетін мәселелердегі өз құзіретінің шегі туралы өтініш жасайды. Бұл ұйымдар Депозитарийді де хабардар етеді, ол өз кезегінде олардың құзіреті шегінің кез келген елеулі өзгерісі туралы хабардар етеді.

3 6 - б а п

Күшіне ену

1. Осы Конвенция бекіту, қабылдау, негіздеу ресми мақұлдау немесе қосылу туралы қыркыншы құжатты Депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекітетін, қабылдайтын, негіздейтін немесе Күшіне ену туралы осы Баптың 1-тармағында жазылған шарттар орындалғаннан кейін оған қосылатын әрбір мемлекет үшін Конвенция оның бекіту, қабылдау немесе қосылу

туралы құжатты сақтауға тапсырған уақыттан кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

3. Күшіне ену туралы осы баптың 1-тармағында жазылған шарттар орындалғаннан кейін ресми мақұлдау туралы құжатты немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған әрбір өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымы үшін осы Конвенция оның ресми мақұлдау немесе қосылу туралы құжатты тапсырған уақыттан кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді.

4. Осы Баптың мақсаттары үшін өңірлік экономикалық ықпалдастық ұйымы сақтауға тапсырған кез келген құжат осы ұйымға мүше-мемлекеттер сақтауға тапсырған құжаттарға қосымша деп саналмайды.

3 7 - б а п

Депозитарий

Осы Конвенцияның және оған түзетулердің, сондай-ақ 28, 29 және 33-баптарға сәйкес қабылданған хаттамалар мен қосымшалардың Депозитарийі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы болып табылады.

3 8 - б а п

Мәтіннің дәлме-дәлдігі

Осы Конвенцияның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі түпнұсқасы дәлме-дәл сәйкес болып табылады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

ОНЫ КУӘЛАНДЫРУҒА оған тиісінше уәкілетті, төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Екі мың үшінші жылғы жиырма бірінші мамырда ЖЕНЕВАДА ЖАСАЛДЫ.